

Almaty

AQSHAMY



ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

Түзетулер төңірегіндегі талқы

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №41 (6719) 1 мамыр, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+



Қазақстан халқының бірлігі күні!

БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙТЫН МЕРЕКЕ



Қолдағды жасаған Нұрболсан ӘРІСҰЛЫ.

www.aqshamnews.kz



9 772223 237006

САРАПТАМА

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

Түзетулер төңірегіндегі талқы

29 сәуірде Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру, педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік органдар қызметі туралы заң екінші оқылымда қабылданды. Бұл жобалардың ішінде қоғамда педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері туралы заңға өзгерістер мен түзетулер енгізу мәселесі Мәжіліс төрінде, қоғамда қызу талқыға түсті. Сонымен, қоғам назарын аударған мәселенің түйткілді түйіндеріне талдау жасап көрелік.

Мәселе мемлекет назарында

Бірінші оқылымда мақұлданған педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері бойынша депутаттық заң жобасы және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы 2026 жылы 12 ақпанда Мәжілістің ресми ақпараттық ресурсында жарияланған еді. Екі заң жобасы Мәжіліс депутаттарының бастамасымен дайындалған.

Осы орайда мемлекеттің жүйелі түрде ұстаздардың әлеуметтік мәртебесі мен құқықтарын қорғауды жүзеге асырып жатқанын айта кеткен жөн. Әсіресе, бұл істе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолдау көрсетіп келеді. Президенттің қолдауының арқасында 2019 жылғы 27 желтоқсанда «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Бұл заң педагогтердің ерекше жағдайына қол жеткізу және оны сақтап-тұру, олардың мәртебесін бекіту, сондай-ақ құқықтық жағдайын арттыру мақсатында қабылданған. Заң мынадай қағидаттарға



негізделген: ізгілік, әділеттілік, педагогтердің кәсіптік қасиеттерін еркін дамыту, педагогтердің кәсіптік қызметпен айналысу құқықтарының теңдігі, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Сондай-ақ, төмендегі негізгі міндеттерді атқаруға бағытталды:

1. Педагогтерге әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету;

2. Педагогтердің өздеріне тән емес функцияларды жүзеге асыруына шектеу қою;

3. Педагогтердің ғылымның, техниканың және мәдениеттің жаңа жетістіктері негізінде өз білімін жетілдіруі;

4. Педагогтердің педагогтік әдеп ережелерін сақтауы.

Аталмыш заңды қабылдау арқылы қоғамда ұстаздардың әлеуметтік мәртебесі, өз құқықтарын қорғау механизмдері

артты. Алайда, уақыт өте келе белгілі бір өзгеріс енгізу қажет. Осыған орай депутаттар бастама көтерді.

«Екіұдай түсінік болмауы тиіс»

Мәжілістің жалпы отырысында ұсынылған нормаларды құжат авторларының бірі, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов таныстырды. Ол өзгерістердің бірінші блогы педагогтердің құқығын қорғауға бағытталғанын айтты.

– Біз енді заңға нақты норма енгіземіз. Педагог балалардың өмірі мен денсаулығы үшін тек оқу-тәрбие процесі кезінде және тек өзінің лауазымдық міндеттері аясында ғана жауапты болады. Жазғы демалыс – ата-ананың жауапкершілігі.

Түнгі уақыт – ата-ананың жауапкершілігі. Демалыс күндері – ата-ананың жауапкершілігі. Енді ешқандай екіұдай түсінік болмауға тиіс. Осылайша біз педагогтерді қорғаймыз, – деп атап өтті депутат.

Сонымен қатар, ұстаздардың есеп беру мәселесіне де түзету енгізілді. Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы бойынша педагогтердің бір мезгілде қағаз және электрондық форматта есеп жүргізуіне тыйым салынады. Бұдан бөлек, мектеп оқушыларының ұялы телефонды пайдаланудың бірыңғай ережесі жасалмақ. Бұл мәселе тек бізде ғана емес, бүкіл әлемде көтерілуде. Тіпті, Еуропалық одақ елдерінде тыйым салу жолдары қарастырылуда.

Заң жобасына байланысты Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Жанарбек Әшімжанов қосымша баяндама жасап, өзге де ұсыныстар жасалғанына тоқталды. Атап айтқанда, мектеп оқушыларының ғылыми қызметке жергілікті атқарушы органдар деңгейінде қатысуы, «академиялық адалдық» ұғымын моральдық-этикалық норма ретінде заңнамалық тұрғыда бекіту, сондай-ақ мемлекеттік мектеп педагогтерін мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларына тартуға жол бермеу нормасын балабақша, колледж және өзге де мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне тарату ұсынылған.

Талқылау барысында депутаттар интерн-терндерді даярлайтын медициналық ұйымдарға қойылатын талаптар, тәлімгерлер санының жеткілікті болуы және білім алушылардың ықтимал дәрігерлік қателері үшін жауапкершілікті жіктеу мәселелерін көтерді.

Енді Заң жобасын Сенат қарайды. Егер Парламенттің жоғары палатасы қолдаса, Мемлекет басшысына бағытталады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

МЕРЕЙ

ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫ

Академик Амангелді Омаровтың 85 жылдық мерейтойы атап өтілді

Қалада «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», белгілі ғалым, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Омаровтың 85 жылдық мерейтойына орай ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мерейтой иесі Амангелді Жұмағалиұлы – Халықаралық көліктік-гуманитарлық университетінің президенті, Қазақстан теміржол саласының дамуына зор үлес қосқан тұлға, «Құрмет» және II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері.

Жиын барысында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының құттықтау хаты оқылды. Қала әкімінің лебізін Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек жеткізді.

«Сіздің кәсібилігіңіз, мол тәжірибеңіз бен жүріп өткен жолыңыз жас теміржолшылар үшін кәсіпке адалдық үлгісі болып саналады. Осы бір айтулы күні сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ісіңізге береке тілеймін! Ел игілігі жолында атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын!» делінген қала әкімінің құттықтау хатында.


Конференция аясында «Теміржолдағы тегеурінді әулет» атты кітаптың тұсауы кесілді. Жинақта Амангелді Омаров пен оның әкесі, белгілі теміржолшы Жұмағали Омаровтың өмір жолы мен кәсіби қызметі кеңінен баяндалған. Еңбек ұрпақ сабақтастығы мен кәсіби мұраны дәріптеуге арналған.

Тарлан теміржолшы өз сөзінде еңбек жолында кездескен қиындықтар туралы айтып берді.

«Теміржол саласы жаңа кезеңге қадам басты.



Жас мамандар заманауи технологиялармен оқытылып жатыр. Оқу базасы мен зертханалар жеткілікті. Энергетика, автоматика, электровоз қозғалысы бағыттарында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Теміржолды толық электрлендіру уақыт талабы болып отыр. Қазір жас теміржолшыларда бұрынғыға қарағанда мүмкіндік көп», – деп саланың болашағына сенім білдірді.



Суреттері түсіріп Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аспан ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ,
шәкірті:

Темірдей тәртіпке баулыды

Мен өзімді Амангелді Жұмағалиұлының шәкірті санаймын. 1983 жылы Алматы теміржолында бас инженер болып тұрған кезінде дипломды өз қолынан алып, мені өндіріске жіберді. Сол уақыттан бастап зейнетке шыққанға дейін оның қарамағында еңбек еттім. Ол бізді теміржолдағы қатаң тәртіпке баулып, кәсіби тұрғыда өсуге жол көрсетті. Ғылыммен айналысуыма да қолдау білдіріп, кандидаттық және докторлық диссертацияларымды оның жетекшілігімен қорғадым.

Ол кісінің бойындағы тектілік әкесінен дарыған. Әкесі де қазақ теміржолының білікті инженері болған, Түркісіб құрылысына қатысқан. Амангелді ағамыз өз еңбегімен елге үлгі болып, артында із қалдырған тұлға. Бүгінде оның еңбегі жоғары бағаланып, еліміздің түкпір-түкпірінен шәкірттері жиналып, ұстазына құрмет көрсетіп отыр.



ТҰРҒЫНДАР АМАНАТЫ

Коммуналдық қызмет қалалық форумда талқыланды



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Достық үйінде «АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын көтеріп, мәселелерді уақытында шешуді қамтамасыз ету мақсатында «TURGYNDAR AMANATY» форумы өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «АМАНАТ» партиясының өкілдері, жергілікті атқарушы органдардың, коммуналдық ұйым-

дардың өкілдері, сондай-ақ мүлік иелері бірлестіктерінің мүшелері қатысты.

Форум барысында бірнеше маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, пәтер иелері кооперативтерін тіркеу рәсімдері, мүлік иелері бірлестіктерін басқару кезіндегі рәсімдік қиындықтар, басқарушы кадрларды оқыту, қайта даярлау

және сертификаттау мәселелері талқыланды.

Қала әкімі Дархан Сатыбалдының айтуынша, еліміз бойынша ең ірі тұрғын үй қоры Алматы қаласына тиесілі. Қалада 9,5 мыңнан астам көпқабатты тұрғын үй және 2,5 мыңнан астам басқарушы субъектілер жұмыс істейді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарына жедел жауап беру – біздің қызметіміздің негізгі

басымдықтарының бірі болып қала береді. Тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы аясында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, лифтілік жабдықтар кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған», – деді Дархан Сатыбалды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева: «Біз мұндай іс-шараларды еліміздің барлық өңірінде өткізіп келеміз. Мұндағы мақсатымыз – Қазақстандағы тұрғын үй қорын басқаруға тікелей қатысатын мамандарды бір алаңға жинау. Осындай талқылаулардың нәтижесінде заңнаманы жетілдіріп, тұрғын үйлерді басқару жүйесін тиімді етуге мүмкіндік алып отырмыз. Қазір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді», – дейді.

Депутаттың айтуынша, кондоминиумдарға тиесілі жер телімдерін тіркеу мәселесі де өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Әсіресе, Алматы қаласында бұл мәселе өте күрделі. Өйткені, ескі тұрғын үйлердің бірқатары жер телімдеріне қатысты құжаттары рәсімделмеген күйде қалып қойған.

«TURGYNDAR AMANATY» жобасы Алматының әр ауданындағы жағдайды тұрақты бақылап отыратын алаңға айналды. Бұл жоба ұзақ жыл бойы қордаланған мәселелерді айтып қоюмен шектелмей, оларды аз уақыт ішінде шешуге мүмкіндік бермек.

ҮШТАҒАНДЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қалада халықаралық конференция өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті ауқымды геосаяси талқыға мұрындық болды. 29-30 сәуір Алматыда «Орталық Азия – Оңтүстік Кавказ – Таяу Шығыс» үштағанындағы қауіпсіздік, геосаясат және түркі интеграциясы» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті.



Дастан
ҚАСТАЙ

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде гибриді форматта өткен іс-шараға 100-ге жуық қатысушы жиналды.

Конференцияда халықаралық қатынастар, аймақтық қауіпсіздік, көші-қон, су ресурстары, жасанды интеллекттің ықпалы, түркі мемлекеттерінің интеграциясы, сондай-ақ халықаралық көлік дәліздері мен логистика мәселелері талқыланды.

Ғылымды халықаралық дамыту орталығы бас директорының орынбасары, қазақстандық сарапшы Олег Балыбекович Эсеновтің айтуынша, мұндай

алаңдар өңірлік қауіпсіздік пен геосаяси өзгерістерді ғылыми тұрғыда сараптауға мүмкіндік береді.

– Қауіпсіздік, көлік дәліздерінің тиімділігі, түркі интеграциясы сияқты мәселелер бүгінде өте өзекті. Мұндай конференциялар ғылыми-академиялық ортада өңірлік интеграция мен экономикалық үдерістерге қатысты ортақ көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді, – деді ол.

Стамбул университетінің профессоры, түркиялық сарапшы Айна Аскероглу Арслан Түркияның халықаралық дағдарыстар кезінде бейбіт саясат ұстанып, гуманитарлық көмек пен араағайындық миссияны қатар жүргізіп келе жатқанын атап өтті.

– Түркия соғыс кезінде Сирия халқына есігін ашып, жылдар бойы пана болды. Бұл – әлемде сирек кездесетін тәжірибелердің бірі. Мұндай жағдайды еңсере алуы – оның мықты мемлекеттік дәстүрінің көрінісі, – деді профессор.

Конференцияға қатысқан ғалымдар мен сарапшылар қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында Орталық Азия, Оңтүстік Кавказ және Таяу Шығыс арасындағы байланыстарды ашық талқылаудың маңызы жоғары екенін атап өтті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда жаңа университет ашылды

Шаһарда халықаралық деңгейдегі жаңа жоғары оқу орны – Innotech ресми түрде ашылды, Arizona State University (ASU) университетімен стратегиялық серіктестік орнатты. Бұл әріптестік аясында Innotech ASU–Cintana жандық альянсына қосылып, Орталық Азиядағы жоғары білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздейді.



Дана
САДЫРҚАН

Салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы, АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джули Стаффт, сондай-ақ ASU мен Cintana Education өкілдері қатысты.

Министр Саясат Нұрбек өз сөзінде ASU-дың білім беру саласындағы жетістіктерін атап өтті. – ASU-дың бас-төрағасының – сапалы білімді кең аудиторияға қолжетімді ету. Біз үшін дәл осы модельді енгізу маңызды: ауқымды қамту мен жоғары сапаны қатар ұстау», – деді министр.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы бұл бастаманың қала үшін стратегиялық маңызына тоқталды:

«Алматы – еліміздің білім және ғылым орталығы. Экономиканың 20%-ы және жоғары оқу орындарының 30%-дан астамы осы қалада шоғырланған. Сондықтан мұндай жоба-

лар мегаполистің әлеуетін одан әрі арттырады», – деді ол.


ASU соңғы 11 жыл бойы U.S. News & World Report рейтингі бойынша АҚШ-тағы ең инновациялық университет атанып келеді. Жоба Қазақстан мен Орталық Азиядағы жоғары білім жүйесіне тың серпін бермек. Innotech өзін инновацияға негізделген, халықаралық талаптарға сай білім беретін жетекші орталық ретінде қалыптастыруды мақсат етеді.

Университет негізін қалаушы Болат Пралиев Innotech – халықаралық білім беру саласында өңірлік көшбасшы болуға бағытталған жоба екенін жеткізді. Ал АҚШ елшісі Джули Стаффт бұл оқиғаның екі елдің 35 жылдық дипломатиялық қарым-қатынасының жемісі ретінде бағалады.

Университет бизнес, цифрлық технологиялар және компьютерлік ғылымдар бағытында білім береді. Атап айтқанда, Cybersecurity, Global Management, International Business, AI in Business, Computer Science және Business Analytics сияқты сұранысқа ие бағдарламалар іске қосылады.

Қ.ЖҰМАДИЛОВ – 90

ШЕЖІРЕЛІ ПРОЗАНЫҢ ШЕБЕРІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділов – соңына соны әдеби мұра қалдырған қаламгер. Ол қазақ әдебиетінде шетелдегі қазақтардың өмірін алғашқылардың бірі болып кең көлемде суреттеді. Шығармалары көбіне қазақ халқының тағдыры, шетелдегі қазақтардың өмірі, тарихи оқиғалар мен ұлттық рухты суреттеуге арналған. Өндіре жазған қаламгердің еңбектері тарихи шындықты көркем тілмен жеткізуімен ерекшеленді.

Нұржамал
ӘЛІШ

А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толуына орай «Шежірелі прозаның шебері» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Жазушының өмірі мен шығармашылық жолын кейінгі буынға таныстыруды мақсат еткен кешке қаламгердің ұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Арман Қабдешұлы, ТҰРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ақын

Ұлықбек Есдәулет, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжанов және жазушы-драматург, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Жақсылық Мұратбек мейман болды.

Кездесу Қ.Жұмаділов шығармаларын насихаттау мен қатар жастарды кітап оқуға жетелеуді де мақсат еткен. Аты әйгілі қаламгердің көзін көрген қонақтардың әсерлі әңгімесін, есті естелігін қаладағы №15 гимназияның

10-сынып оқушылары мен профессор Рузуддинов атындағы жоғары медициналық-стоматологиялық колледж студенттері ұйып тыңдады.

Ұлықбек Есдәулет Қабдеш Жұмаділовтің бір ғана «Соңғы көш» дилогиясының өзі жарық көрер алдында цензураның сүзгісінен қалай өткені және суреткердің сол қатал сынақта сынып кетпей, күрескерлігінің арқасында тік қалпында қалай шыққаны туралы әңгімелеп берді. «Тағдыр» шығармасында бір адамның тағдыры арқылы тұтас бір дәуірдің күрделі болмысын қалай дәл аша білгені жайында да тілге тиек етті.

«Дарабоз», «Сәйгүліктер», «Қаздар қайтып барады» атты кітаптары да бүгінде талай оқырманның сөресінде тұрғаны анық. Жазушының соңында оннан астам романы мен жиырмадан астам повесі қалды.

МЕЙМАН МІНБЕРІ

Кенжехан МАТЫЖАНОВ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ғалым:

ШЫНШЫЛ, ӘДІЛЕТТІ, АДАЛ АДАМ ЕДІ

Біз кішкентай күнімізден кітап оқуға құмар болып өстік. Ол кезде қазіргідей телефон, тіпті теледидар да жоқ еді. Сол кітапқа құмартып жүрген шағымда қолыма Қабдеш Жұмаділовтің «Сарыжайлау» деген кітабы тиді. Сарғыш мұқабасы да әлі күнге көз алдыма. «Сарыжайлау» деп аталатын повесімен басталады кітап. Жәнібек деген боксшы жігіт хикаялары сондай керемет суреттелген еді. Қолдан қолға тигізбей талай бала оқып шыққанбыз. Міне, содан бері Қалекеннің бүкіл шығармасын оқып келе жатырмыз. Тілі шұрайлы болатын. Қазақтың көне сөздерін тірілтіп, кез келген оқиғаны шебер суреттейтін.

Ол шыншыл, әділетті, адал адам еді. Мен біраз уақыт мемлекеттік қызметте болдым. Сонда Қабдеш аталарың өзінің атағын, дәрежесін алға тартып, бірде-бір рет жеке шаруасын айтып келмеген екен. Ол кісіні тек қана әдебиеттің саласынан көретінбіз.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік дүниенің де бәрін баспасөз бетінде батыл көтеріп жүретін. Билікке ұнамай қаламын-ау демедейді, өткір тақырыптарға баратын. Бетің бар, жүзің бар демеі тура айтатын турашылдығымен де есте қалды. Міне, бізге осындай тұлғалар үлгі болуға тиіс.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті қаламгер, баспагер-редактор, Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толуына орай халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен жиын «Жұмаділов оқулары» аясында ұйымдастырылды.

Дастан
ҚАСТАЙ

«Баспа үдерісіндегі әдеби шығарма: тарихи романдардың рецепциясы мен интерпретациясы» тақырыбына өткен конференцияны Ұлттық университеттің Журналистика факультеті, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы ұйымдастырды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса, тарихшы Берекет Кәрібаев, жазушының ұлы, белгілі ғалым Арман Қабдешұлы, профессор Кәкен Қамзин, Айгүл Рамазан, әдебиеттанушы, сыншы Әмірхан Меңдеке, ақындар Темірғали Көпбаев, Мұрат Шаймаран, Алмас Ахметбекұлы және өзге де қаламгерлер мен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері қатысты. Жазушының отбасы мүшелері, әріптестері мен шәкірттері, Журналистика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар, докторанттар және жас зерттеушілер жиналды.

Қаламдағы ұлттық рух

Конференцияда тарихи романдардың көркемдік табиғаты, ұлттық жадымен байланысы, әдеби шығарманың қабылдануы мен интерпретациясы мәселелері жан-жақты талқыланды. Қатысушылар Қабдеш Жұмаділов шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі орны мен тарихи сананы қалыптастырудағы маңызына, кәсіпқой редакторлық қызметіне ерекше тоқталды.

Мәжіліс депутаты, ақын Қазыбек Иса қаламгердің тұлғасын айшықтап, тағылымды естелік айтты. Оның айтуынша, Қабдеш Жұмаділов тек әдебиет әлемінде ғана емес, елдік мүдде жолында қайраткерлік қырынан да танылған тұлға. Ал әдебиеттанушы, сыншы Әмірхан Меңдеке жазушы мұрасындағы ұлттық рух, қазақы дүниетаным мен азаматтық ұстанымға назар

«СОҢҒЫ КӨШ» СОМДАҒАН ТАҒДЫР



аударды. Қабдеш Жұмаділов кейіпкерлері арқылы қазақ халқының тағдыры, абыройы мен тарихи жады сияқты іргелі ұғымдарды терең ашқан. Сыншы, әсіресе, Айжарық бейнесі арқылы автордың елдік мүддені бәрінен биік қоятын берік позициясы көрінетінін ерекшеліп айтты.

Әмірхан Меңдеке қаламгер прозасындағы тілдік өрнек пен көркемдік қуатқа да айрықша мән берді. Оның пікірінше, Қабдеш Жұмаділов тарихи тақырыпты тек оқиға ретінде емес, ұлт тағдырымен, адам болмысымен және дәуір шындығымен сабақтастыра білген. Жазушы шығармаларындағы әрбір кейіпкер белгілі бір тарихи кезеңнің, қоғамдық ахуалдың көркем бейнесі ретінде көрінеді.

Жиында сөз алған ғалымдар мен қаламгерлер жазушы шығармаларының бүгінгі әдебиеттану ғылымында да, баспагер-редакторлық бағытында да, жас ұрпақ тәрбиесі үшін де маңызы зор екенін айтты. Тарихи романдардағы дерек пен көркемдік шешім, авторлық ұстаным, ұлттық мінез және дәуір шындығы ғылыми тұрғыда сараланды.

Конференция соңында қатысушылар Қабдеш Жұмаділов мұрасы қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтас

ұлттың тарихи жадын жаңғыртқан рухани қазына екенін жеткізді. Жазушының шұрайлы тірі, шарболат рухқа шомылған шығармалары елдік сана, ұлттық намыс және тарихи әділет ұғымдарын ұрпақ санасына сіңіре бермек.

Жазушының бай мұрасы

Конференция екі негізгі бағыт бойынша өтті: Алғашқы секцияда ұлттық тарихи жады және әдеби шығарма рецепциясы мәселелері талқыланса, екінші секция Қабдеш Жұмаділовтің жазушы әрі редактор ретіндегі шығармашылық болмысын ашуға арналды.

«Соңғы көш» дилогиясына М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық, ал «Тағдыр» романына Абай атындағы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді. Жазушының еңбектері орыс, түрік және өзге де тілдерге аударылып, халықаралық деңгейде танылды. Отызға жуық кітабы жарық көрген қаламгердің негізгі шығармалары он екі томдық жинаққа топтастырылған. Қабдеш Жұмаділов – «Қазақстанның халық жазушысы» атағының иегері, «Парасат» және II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған көрнекті тұлға.



Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:

ТАТУЛЫҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Мен үшін 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні еліміздің ең қастерлі мерекелерінің бірі. Өйткені, бұл күн – көпұлтты Қазақстан халқының ынтымағы мен өзара құрметінің айқын белгісі.

Кең байтақ Отанымыз Қазақстандағы татулық кездейсоқ жетістік емес, ол – сан жылдар бойы қалыптасқан парасат пен сабырдың, өзара сыйластықтың жемісі. Қазақтың «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген даналығы бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Әр этностың өз ерекшелігін сақтай отырып, ортақ құндылықтарға ұмтылуы – ел дамуының басты кепілі. Бүгінгі таңда Қазақстан – бейбітшілік пен келісімнің үлгісін көрсетіп отырған мемлекет. Әлемдегі түрлі қақтығыстар мен келіспеушіліктер кезінде біздің елдегі татулықтың қадірі одан сайын арта түседі. Осындай бейбіт өмірдің бағасын білу – әрбір азаматтың парызы.

1 мамыр мерекесі – тек өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағытталған сенім. Бұл күн бізді бір мақсатқа жұмылдырып, ортақ Отанымыз – Қазақстанның өркендеуі жолында аянбай еңбек етуге үндейді.

Бірлігі жарасқан елдің болашағы да жарқын болмақ. Сондықтан татулық пен келісімді көздің қарашығындай сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Долкунтай ӘЛИЕВ, «Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:



БІРЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан ұйғырлары этномәдени орталығының атынан баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – бейбітшілік пен келісімнің, өзара құрмет пен түсіністіктің айқын көрінісі. Біздің басты құндылығымыз – бірлік, татулық және ортақ мақсат жолындағы ынтымақ.

Көпұлтты елімізде әрбір этнос өз мәдениетін сақтай отырып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Міне, осы бірлік – Қазақстанның ең үлкен күші. Сондықтан әрқайсымыз елдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға өз үлесімізді қосуымыз керек. Әр шаңыраққа амандық, береке тілеймін, елімізге бейбіт өмір мен жарқын болашақ тілеймін. Жастарымыз ел болашағын нығайтып, татулықтың туын биік ұстасын. Ынтымағы жарасқан халқымыздың бірлігі әрдайым нығая берсін.

Бірлігіміз бекем болсын!

Рафик МИРЗОЕВ,
«Барбанг» республикалық күрдтер қауымдастығының басқарма төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері:



ПЕЙІЛІ ДАРХАН ЕЛІМЕ РАХМЕТ!

Біздің Қазақстан 130-дан астам этносты бір құшағына сыйғызып, бейбіт аспанның, бір тудың астына біріктіріп, жайлы өмір сыйлап отыр. Қаншама ұлыс өкілі өмір сүріп жатса да, елімізде тыныштық, татулық, достық салтанат құрып тұрғанын мақтаншып айта алатынымыздың өзі үлкен мәртебе.

Бүгінде қай этнос болсын, бәрі де елімізде қалаған жұмысымен айналысып, өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, өркендете алады. Құшағы ыстық, пейілі кең қазақ елі ешкімді кеудесінен итерген емес.

Мен осынау пейілі дархан қазақ елінің бір бөлшегі екенімді әркез мақтан етемін. Қазақтың күрд баласымын. Бақыттымын. Қазақстан халқының, қазақ ағайындардың ортасында өмір сүріп, осы елден өз орнымды тапқаным ризамын.

Маған ғана емес, талай этносқа құтты қоныс, жылы ұя болып отыр.

Бәріміз үшін бейбіт таңмен таласа тұрып, өз тірлігімізбен алаңсыз айналысып, кешке шаңырағымызға аман-есен оралудың өзі бір бақыт. Ал ешкіммен араздаспай, жайлы, толыққанды өмір сүру – мың бақыт. Осынау берекелі, тыныш өмірдің арқасында Қазақстан өсу, өркендеу жолынан таймақ емес.

Мереке құтты болсын!

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН

Этномәдени бірлестіктер қоғамдық келісімді нығайтуда



Суретті түсірген Сапар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бүгінде Алматыда этномәдени бірлестіктердің Брөлі артып, олардың қызметі жаңа бағытта дамып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сала өкілдері бірлестіктердің мәдени мұраны сақтаумен шектелмей, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға белсенді атсалысып отырғанын жеткізді.



Дана
САДЫРҚАН

«Қазіргі кезде бірлескен этномәдени жобалар мен өзара іс-қимылдың жаңа форматтары, соның ішінде ашық пікірталас алаңдары мен жастар қатысатын бастамалар жақсы дамып келе жатыр», – деді «Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» қоғамдық

бірлестігінің төрағасы Долкунтай Әлиев.

Оның айтуынша, алдағы уақытта Алматыда халықтар достығы фестивалдері, жастар форумдары, қайырымдылық акциялары мен Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар өткелі отыр.

Спикерлер этномәдени ұйымдар жастармен жұмысқа ерекше көңіл бөліп, форумдар, волонтерлік жобалар, фестивальдер

мен цифрлық бастамалар арқылы оларды қоғамдық өмірге тартып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, түрлі этнос өкілдері арасындағы диалогты дамытуға бағытталған ашық алаңдар мен бірлескен жобалар кеңінен қолға алынған.

Дүнгендердің республикалық этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Римма Масырова соңғы жылдары бірлестіктердің қызметі елеулі өзгеріске ұшырағанын айтты. Қазір олар мәдени дәстүрді сақтаумен шектеліп қалмай, жалпы азаматтық бірегейлікті қалыптастырып, мәдениетаралық диалогты дамытып, қоғамдық келісімді нығайтуға да атсалыса бастаған.

«Біз өз тамырымызды сақтай отырып, диалог пен өзара түсіністікке жол ашамыз. Бірлік бар жерде – тірлік бар», – деп атап өтті Римма Масырова.



КОРЕЙ ТЕАТРЫ

жаңа қойылым ұсынды

Бүгінде елімізде түрлі этностың өкілдері Бтату-тәтті ғұмыр кешуде. Олардың тілін, мәдениетін, өнерін дамытуға мемлекет тарапынан жүйелі қолдау көрсетіліп келеді. Яғни әр этнос өз мәдениетін еш кедергісіз, еркін насихаттай алады.



Нұржамал
ӘЛІШ

Мәселен, Алматыда Республикалық мемлекеттік академиялық корей театры бар. Тарихы тым тереңде. Мегаполисте 1968 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Қойылымдары көбіне корей тілінде өтеді, бірақ қазақша және орысша аудармасы болады. Театр құрамында драма труппасы, вокалістер, корей биі балеті және «Самульнори» фольклорлық ансамблі бар.

Бұл руханият ордасында корей халық ертегілері мен тарихи пьесалар, музыкалық комедиялар мен ұлттық дәстүрге негізделген қойылымдар ерекше танымал.

Республикалық мемлекеттік академиялық корей театры жуырда көрерменіне «Махаббат бәрін жеңеді» спектаклінің премьерасын ұсынды. Бұл – оңтүстік-корейлік режиссер Кан Тхе Сиктің Қазақстан сахнасындағы алтыншы қойылымы. Премьера күш пен билік үстемдік құрған аллегориялық джунглидегі қасқырлар отбасының тағдыры туралы.

«Кай мен Луна махаббатының және отбасы бірлігінің арқасында әділеттің салтанат құруын, жалпы шытырман оқиғаға толы спектакльді көрермендер зор ықыласпен қабылдап, ұзақ қол соқты. Бұл – біз үшін үлкен баға. Премьералық спектакль осы маусымда мамырда да көрсетіледі. Туынды балалар, жасөспірімдер және ересектерге бірдей қызық. Сол себепті, қойылым театр репертуарына отбасылық ертегі ретінде енді», – дейді корей театрының директоры Наталья Ли.

Иә, бұл театр – еліміздегі корей диаспорасының рухани орталығы. Тек өнер емес, тарихы терең, бірнеше ұрпақтың мәдени мұрасын сақтап келе жатқан бірегей мәдени орда. Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени көпір десек те қателеспейміз. Демек, өнер де ел мен елді жақындастырады, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға, этностар арасындағы сенімді нығайтуға қызмет ете алады.



Алматының кең аспанында жаңғырықтырған өр әуен, бағзыдан жеткен бай мұраға берік азаматтардың шарболаттай рухы, еңбек адамдарының ерекше серпілісі бүгінгі қала өміріне ерекше жан бітірді. «Кенжехан» базарының кең алаңы сән-салтанатқа бөленіп, аларманға асқақ мәнерде құшақ ашты. Бір-неше кезеңге ұласқан «YOUTH NOMADS» ұлттық фестивальдің финалына жеткен білектілер күш сынасып, білімділер ой жарыстырып, ұлттық спорттың байрағын биікте желбіретті.

«YOUTH NOMADS»:

АЛМАТЫДА



Дастан
ҚАСТАЙ

Қара күш пен қасиетті дәстүр

«Кенжехан» базарының аумағы өзгеше кейіпке енді. Бір шетінде шеңбер сызып, сақа сайлаған мергендер топтасса, екінші бір шетінде қарсыласын боз кілемде жықсам деп жанталасқан қайрат-күші көп палуандар назарға ілікті. Сегіз жүзден астам үміткердің ішінен суырылып шыққан, сегіз қиырдан жеткен жүйріктердің нағыз бапты әрі епті екені байқалды. Қой көтеріп, қара күшін танытқандар мен арқан тартысып, айрықша ауызбіршілігін паш еткендер де алаңның қақ төрінде табысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз алаңы Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Абзал Нүкенұлы да жастардың рухын қайрап, мемлекетшіл болуға үндеді:

Еңбек – адамның көркі болса, тәртіп – мемлекеттің тірегі. Біздің басты байлығымыз – татулығымыз. Спорт – сол бірліктің берік дәнекері. Қаламызды таза ұстап, заң алдындағы жауапкершілікті сезіну арқылы біз Тәуелсіздігіміздің іргесін бекіте түсеміз, – деп атап өтті Абзал Нүкенұлы.

Жүрексінген жанкүйер, жігерлі спортшы

Жарыс алаңындағы қызу бәсеке ешкімді бей-жай қалдырмады. Түркісіб базарының намысын қорғаған Айдар Садековтың асық атудағы мергендігі елді сүйсіндіріп, «Кенже-



(Сурет: автордан.)

АСҚАҚТАҒАН РУХ

хан» базарының туын жықпаған Рамазан Пірмағанбеттің боз кілемдегі белдесуі көпті таңдандырды. Үш жыл бойы еркін күресті серік еткен Рамазан Пірмағанбеттің әр қимылына жеңіске деген нық ұмтылысы байқалды:

«Кенжехан» базарында өткен іріктеу кезеңіне қатысып, бағымды сынап көрген едім. Міне, финалға да жеттік. Шешуші кезеңге

23 палуан іріктелген екен. Біз де бар күшімізді саламыз. Қарсыластар осал емес, бәрі мықты. Сондықтан нақты кімнің жеңетінін алдын ала айту қиын. Жарыс өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған, ешқандай кемшілік байқамадым, бәрі ойдағыдай өтіп жатыр, – деді палуан.

Жақсылар бас қосқан жарқын жоба

Орайы келгенде айта кетейік, еңбеккерлер мен кәсіп иелерінің басын қосқан жобаның жалпы жұлде қоры – 3 миллион теңге.

Қатысушылар асық ату, ләңгі тебу, қой көтеру, еркін күрес, қол күресі және арқан тартыс бойынша басты жүлделерді сарапқа салды.

Фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын өзге қатысушылар да тілге тиек етті. Түркісіб базарының өкілі Айдар Садеков асық ату ойынына бала кезден құштар екенін айтып, бұл спорт түрінде мергендіктің маңызы зор екенін жеткізді:

«Асық атуы бала кезден ойнаймын. Мұнда тек сәттілікке сену аз, нағыз мергендік керек», – деді ол.

Ұйымдастырушылардың мәліметіне қарағанда, ауқымды жобаны әзірлеу барысы бір айға созылған. Жарыс жалпы саны үш кезеңді қамтыған.

«Бұл – жобаның қорытынды, финалдық кезеңі. Жастар өз біліктілігін көрсетіп, жеңіске жету жолында барын салуда», – деді ұйымдастырушы Әсем Қуатова.

Сонымен қатар, іс-шара аясында қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, шығармашылық ұжымдар өз өнерін ортаға салды. Қалалық мансап орталығы жастарға арналған мүмкіндіктерді таныстырса, «SkillAll» білім беру курстары кәсіби бағыт-бағдар беріп, кеңес айтты.

Сайып келгенде, дүбірлі фестивальдің басты мақсаты – ұлттық спортты дәріптеу, еңбек адамының мәртебесін арттыру және жастар арасындағы ауызбіршілікті нығайту. «YOUTH NOMADS» – жәй ғана турнир емес, қарапайым еңбек адамының беделін асқақтатып, ұлттық кодты ұлықтаған, ертеңгі күнге деген сенімді бекемдеген рухты жоба.



Қазақ спорт және туризм академиясында Sport Consulting Forum қоғамдық бірлестігінің табыстырылымы өтті. Жаңа қоғамдық бірлестік мемлекеттік органдардың қызметіне араласпай, ғылыми-әдістемелік платформа ретінде жұмыс істейтін болады.

ДАРЫНДЫЛАР САРАЛАНАДЫ

Sport Consulting Forum қоғамдық бірлестігі құрылды



Досбол
АТАЖАН

Бірлестіктің негізгі мақсаты – спортқа бейім дарынды балаларды ерте кезден анықтау, олардың дамуын қадағалау және заманауи ғылыми жетістіктерді қолдана отырып, Олимпиада шыңына дейін жетелеу.

Іс-шараға мемлекеттік орган өкілдері, спорт ұйымдары, сондай-ақ Қазақстанның аңызға айналған спортшылары – Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысты.

Құрметті қонақтардың қатарында спорттық гимнастикадан бес дүркін Олимпиада чемпионы Нелли Ким, шаңғы жарысынан Олимпиада чемпионы Владимир Смирнов, футболдан Олимпиада чемпионы Евгений Яровенко, ауыр атлетикадан әлемнің төрт дүркін чемпионы Илья Ильин, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Ислам Байрамуков, грек-рим күресінен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Демей Жадыраев болды.



Академия ректоры, Халықаралық дене шынықтыру және спорт университеттері қауымдастығының президенті, профессор Қайрат Зәкіриянов іс-шара заманауи спортта жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отырып жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті.

– Ғылыми тәсіл, болашағынан үміт күттіретін балаларға мониторинг жүргізу және мәліметтер банкі құру жаңа чемпиондардың шығуына үлкен септігін тигізеді, – деді ол.

Конференция аясында спортшыларды даярлаудың жаңа моделі қалыптасатыны жарияланды. Стратегиялық мақсат ретінде – 2044 жылға қарай, яғни Қазақ спорт және туризм академиясының 100 жылдық мерейтойына орай Қазақстанда әлемдік жетекші орталықтармен бәсекелесе алатын заманауи білім беру және спорт саласындағы ғылыми базаны құруға ерекше көңіл бөлінеді. Жиыннан кейін аңызға айналған спортшылар академия студенттерімен кездесті.



Алматыда қазір 17 конфессияға тиесілі 190 діни бірлестік жұмыс істейді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов осылай деп мәлімдеді.

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ

Тең қолжетімділік мәселесі талқыланды



Инклюзивті қоғамды дамыту өркендетті елдерге тән бағытты дамып келеді. Дегенмен, түрлі салада өз алдына дамып жатқан инклюзияны жүйелеу оның тұтас қоғамдағы ауқымын арттыра түсері анық. Осы мақсатта «Инклюзия – заманауи қоғамның құндылығы» атты конференция өтті. Оған мемлекеттік органдар, бизнес өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшылар қатысты.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Жиын инклюзия бағыттарының бір жүйеге келтіру, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көрсетілетін қолдауды кешенді түрде қарастыруды мақсат етті. Бүгінде білім беру, жұмыспен қамту және құқықтық саладағы бастамалар бар болғанымен, олардың өзара байланысының әлсіздігі көптеген азаматтар үшін қиындық туғызатыны айтылды.

Іс-шара барысында инклюзия саласында жұмыс істеп жүрген мамандар өз тәжірибе-

лерімен бөлісіп, нақты мәселелерді ортаға салды. Әсіресе, ерте жастан қолдау көрсету, білімге қолжетімділік, жұмысқа орналасу және әлеуметтік бейімдеу мәселелері кеңінен талқыланды. Спикерлердің айтуынша, кедергілер көбіне көзге көрінбейтін жүйелік олқылықтарда – құжат рәсімдеу, түрлі мекемелер арасындағы үйлесімнің жоқтығы және бюрократиялық процестерде жатыр.

Инклюзивті қоғамды дамыту қауымдастығының негізін қалаушы Әлия Сәбитова бұл алаңның маңыздылығына ерекше тоқталды:

– Басты мақсат – күш

біріктіре отырып, инклюзивті қоғамды дамыту, өмір сапасын жақсарту және осы бағыттағы экожүйені жетілдіру. Бүгінгі кездесуде цифрландыру, инновациялық технологиялар, зерттеулер мен параспорт секілді түрлі бағыттар қамтылды. Бұл – нақты шешімдер қабылдауға бастайтын маңызды қадам, – деді ол.

Жиын қорытындысында инклюзия саласындағы жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстар әзірленетіні айтылды. Сарапшылардың пікірінше, инклюзия – тек бір саланың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп, нақты нәтижеге бағытталуы тиіс.

Осылайша Алматыда өткен конференция қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, оларды шешудің нақты жолдарын қарастыруға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды.

Алматыда 190 діни бірлестік жұмыс істейді

Дін істері басқармасы конфессияаралық диалогты жүйелі түрде дамытып, діни іс-шаралардың қауіпсіздігін үйлестіріп, қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған бірлескен әлеуметтік жобаларды тұрақты түрде жүзеге асырып келеді.

Спикердің айтуынша, қалада 120 діни нысан бар. Оның ішінде 56 мешіт, 23 православ шіркеуі, 8 католик шіркеуі және 89 протестант қауымдастығы қызмет етеді. Сонымен қатар, 4 діни оқу орны, 7 намазхана және діни әдебиет тарататын 31 стационарлық пункт жұмыс істейді. Қалада 136 миссионер тіркелген.

– Біздегі дін ұстанушылардың басым бөлігі мұсылмандар мен православтар. Мешіттерге тұрақты түрде 80 мыңнан астам адам барады, православ шіркеуіне шамамен, 20 мың адам, протестанттық бірлестіктерге 30 мыңға жуық адам барып тұрады, – деді Нұрлан Қықымов.

Қалада конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған диалог алаңдары да дамып келеді. Қалада діни бірлестік

басшыларының клубы жұмыс істейді, ол конфессиялар мен мемлекеттік органдарды байланыстыратын маңызды тетікке айналған.

Өткен жылы клуб 20-дан астам іс-шара өткізген. Биыл да осы жұмыс жалғасып, клуб кемінде 20 іс-шара өткізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, діни бірлестіктер қала өміріне де араласып жатыр. Атап айтқанда, олар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысып, сенбілік өткізіп, аумақты абаттандыру жұмысына да атсалысып жүр.

Тағы бір маңызды бағыт – діни іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 2025-2026 жылдары басқарма Рождество, Пасха, Рамазан мен Ораза айт сияқты негізгі діни мерекелерді өткізу жұмысын үйлестірді. Барлық іс-шаралар заң шеңберінде, оқыс оқиғасыз штаттық режимде өтті.

Қорытындылай келе, спикер Алматыда діни ахуалдың тұрақты әрі бақылауда екенін, конфессиялар арасында ынтымақтастық бар екенін атап өтті.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

САЛТТЫҚ ЖАҢА НЫСАН

Алатау ауданында еліміздегі тұңғыш крематорий ресми түрде ашылды. Қалалық патологоанатомиялық бюроның басқаруындағы бұл мекеменің құрылысы бірнеше жыл бұрын аяқталды.



Досбол АТАЖАН

Ұзақ уақыт бойы құрылысы мен техникалық дайындығы талқыланған крематорий енді толыққанды қызмет көрсетуге дайын.

Қалалық патологоанатомиялық бюроның директоры Ардақ Алишевтің

айтуынша, мұндағы жұмыстың барлығы қатаң медициналық және техникалық нормаларға негізделген. Ал нысанда жұмыс істейтін мамандар Ресейде дайындықтан өткен.

Жерлеудің бұл түрінде марқұмның денесі нысанға арнайы көлікпен жеткізілген соң, медициналық арбалардың көмегімен тоңазытқыш камералар-



ға қойылады. Мекемеде 12 тоңазытқыш бар, әрқайсысында 4 орын болады. Туыстарының өтініші бойынша дене мұнда бір айға дейін сақталуы мүмкін.

Кремация алдында санитарлық және эстетикалық дайындық жасалады. Мәйіт секциялық залда жуылып, киіндіріледі және грим жағылады. Ардақ Алишевтің айтуынша, егер марқұмның денесінде темір импланттар болса, олар алдын ала хирургиялық жолмен алынып тасталады. Себебі, пештің жоғары температурасында металл жарылуы мүмкін.

Марқұммен қоштасу рәсімі арнайы залда ұйымдастырылады. Кейін ағаш табытқа салынған мәйіт чехиялық екі пештің біріне жіберіледі. Пештер 800–1000 градус ыстықта жұмыс істейді және оны жоғары температурада қыз-

дыру үшін 35 сағат уақыт қажет. Туыстары пеш жұмысын арнайы мониторинг бөлмесінен бақылай алады.

«Қызмет пен шығындар бағаланған соң, кремация құны 240 мың теңге болып белгіленді. Кремациядан кейін марқұмның туыстары күлді алып кетіп, жерлей алады немесе бізде уақытша сақтай алады. Ол үшін шағын орын қарастырылған. Күлді сақтау уақыты марқұмның туыстарымен жасалған жеке келісімге байланысты», – деді Қалалық патологоанатомиялық бюро директоры.

Сонымен қатар, ол нысан тек адамдарға арналғанын атап өтті. Мұнда жануарлардың өлекесі мен түрлі қалдықтар өртелмейді. Ал кремация тек марқұмның тірі кезіндегі рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Алматыда жыл сайын орта есеппен **12 000** жуық адам қайтыс болады

2023 жылы	2024 жылы	2025 жылы
11 923 адам	12 163 адам	12 657 адам



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА 2026 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖЕРЛЕУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ:

мұсылмандық жерлеу (қосымша қызметтерімен)	₸113 400	христиандық жерлеу	₸70 430
мұсылмандық жерлеу (базалық тізім)	₸72 700	балаларды жерлеу	₸32 770
техниканы пайдалана отырып қабір қазу	₸55 870	эксгумация	₸107 100

УРБАНИЗАЦИЯ ҮРДІСІ: қабірдің құны қанша?

60 гектар бос алаң бар

Аталған мәселе хат иесінің ғана емес, қала тұрғындарының біразын алаңдатқан ортақ түйткіл. Зираттардағы жер тапшылығы неден туындады? Баға неге өсіп жатыр? Бейіттер кімнің қарамағында? Осы сауалдарға жауап іздеп көрдік. Алматы әкімдігінің былтыр қыркүйек айындағы мәліметінде қалада 70 зират бар, оның ішінде 9-ы ашық, ал 61-і жабылған. Әкімдік Алматы зираттарында орын таусылды ма деген сауалға жауап берді.

«Қазіргі таңда ашық зираттарда шамамен, 60 гектар бос алаң бар. Бұл алдағы 6-7 жылға жеткілікті. Алматыда зираттар ұйымдастыруға арналған жер телімдерімен қамтамасыз ету мәселесі бақылауда тұр және кезең-кезеңімен жоспарлы түрде шешіліп келеді», – деп хабарлады әкімдік.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 109-бабының «Елдімекендердің жерін пайдалану» бөлімінің 3-тармағына сәйкес, жалпы пайдалану қорындағы жерлерден зират үшін қайтыс болған азаматты немесе тұрғылықты мекенжайы жоқ адамды жерлеуге белгіленген орыннан кемінде 6 шаршы метр жер телімі тегін бөлінеді. Бұл – заңмен бекітілген норма. Алайда, бұл заңның жиі бұзылатынын естіп жүрміз. Оқырман хатынан да жерлеу

қызметтері саласында айтарлықтай мәселелердің жиналып қалғаны байқалады.

Зират орындары тегін, бірақ...

Оңтүстік астанада қазір бар-жоғы 9 зират жұмыс істеп тұр. Оларға кім қызмет көрсететіні, қайтыс болған адамды жерлеу немесе қайта жерлеу тәртібі қалай жүзеге асырылатыны және қалада қабір орындарының тапшылығы бар-жоғын білу үшін Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы мен Алматы қаласының Салттық қызметтер көрсетудің арнаулы комбинатына сауал жолдап, ресми түрде жүгіндік.


Мекеменің мәліметінше, «Алматы қаласының Салттық қызметтер көрсетудің арнаулы комбинаты» ЖШС-нің қарауында жалпы 52 зират бар, оның ішінде 9 зират қазір қолданыста.

Комбинаттың құзыретіне бірқатар қызмет түрлері кіреді. Атап айтқанда: қайтыс болғандарды жерлеу бойынша ритуалдық қызметтер көрсету, сұранысқа ие емес мәйіттер мен биологиялық қалдықтарды жерлеу, сондай-ақ эксгумация және қайта жерлеу жұмыстарын жүргізу; қала аумағында және оған іргелес аймақтарда орна-

ласқан зираттарды күтіп-ұстау; қала аумағында, Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне және шетелге жерлеу үшін мәйіттерді қабылдау және жөнелту, өндірістік-шаруашылық қызмет жүргізу, сондай-ақ ритуалдық салаға жататын тауарларды сату; ритуалдық автокөлік қызметтерін, сондай-ақ жер қазушылар мен жүк тасушылар қызметін ұсыну.

«Заң бойынша әрбір қайтыс болған тұрғынға немесе елдімекен аумағында қайтыс болған тұрғылықты жері жоқ тұлғаға кемінде 6 шаршы метр жер учаскесі тегін беріледі. Осы талапқа сәйкес, Алматы қаласының зираттарында жерлеуге арналған жер учаскелері тегін ұсынылады. Ақылы түрде тек жерлеуді ұйымдастыруға байланысты қызмет түрлері ғана көрсетіледі. Соңғы бірнеше жыл ішінде көрсетілетін қызметтердің құны орта есеппен 20 пайызға өсті. Бұл ең алдымен инфляциялық үдерістермен және қызметтер құнының артуымен байланысты. Біздің ұйымның қарауындағы зираттарда жер учаскелерін заңсыз сату фактілері тіркелген жоқ. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, жерлеуге арналған орындар тегін берілетіндіктен, зираттардағы орындарды сату туралы кез келген ұсыныстар заңсыз», – дейді мекеме директоры Мелс Толыспаев.

Жуырда «Алматы ақшамы» редакциясына оқырманнан хат келді. Жасы тоқсанға таяған зейнеткер жазбасында қаладағы зираттардан жер алу қиындап, қолжетімді бағада орын табу мүмкін болмай бара жатқанын ашына жазыпты. Оқырманның бұл хатты жолдауына газетіміздің 16 қаңтар күнгі №5 (6683) санындағы «Жерлеуден өртеуге: кремация керек пе?» деген мақаламыз себеп болған екен...



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қанат ИМАНҒАЛИҰЛЫ, алматылық зейнеткер: «Өмір барда, өлім бар...»

Газет бетінен крематорий ашылатыны туралы мақаланы оқыдым. Бұл нысанның заңды түрде тіркелгені жазылды. Қала халқының саны артқан сайын зираттарда орын жетіспеуіне байланысты жерлеудің бұл түрі болашақта қажет болуы да ықтимал. Өз басым кремациялауға қарсы емеспін, бұл бір жағынан халыққа ыңғайлы. Көп орын алмайды, қолжетімді әрі рәсімдері де аз болады. Жерлеудің бұл түрі экология тұрғысынан да тиімді деп санаймын. «Өмір барда, өлім де бар» деген қағида әрдайым есте болуы керек. Бабаларымыз «Өлімге денің сау кезінде дайындал» деп бекер айтпаған. Алланың өзі жаратқан қасиетті Жер – адамның мәңгілік мекені. Сондықтан заңнамада қарастырылғандай, жер тегін берілуі тиіс деп есептеймін. Әр адамның тұрмыс деңгейі әртүрлі. Сондықтан қайтыс болған адамның соңында қалған ұрпағына ауырталдық түсірмеу керек. Ақша билеген бүгінгі заманда Ата Заңда көрсетілген талаптарға сай жер тегін берілуі қажет. Өзім қаладағы 3-4 зиратқа барып көрдім. Зират басшылары жерді өзінің жеке меншігіне айналдырып алғанды. «Ақша болса, жер бар, қалтаң көтермесе, жер жоқ» деген сөздерді естуге тура келеді. Жер бағасы 250–500 мың теңге, тіпті, одан да қымбат екені айтылады.

Зираттарды басқару ісінде тәртіп орнатып, бұл мәселені бір жүйеге келтіру қажет. Қалалық әкімшілік мұқият тексеріс жүргізіп, артық шығын мен заңсыздықтарға жол бермеуі керек.

Тақырыпқа орай

Жанат ЖАҚУПБЕК, Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының міндетін атқарушы:

Тапшылық жойылады

Қаладағы ашық зираттарда жерлеуге арналған бос жердің жалпы аумағы – 60,5 гектар. Бұл жер халық қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен беріледі. Зираттарды басқару және күтіп-ұстау жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар аудандық әкімдіктер тарапынан заңнамаға сәйкес конкурстық рәсімдер арқылы анықталады. Таңдалған ұйымдар зират аумағында жер учаскелерін белгіленген тәртіппен бөліп, санитарлық тазалықты сақтауға, абаттандыру жұмыстарын жүргізуге жауап береді. Сонымен қатар, олар көрсетілетін қызметтердің сапасына, азаматтардың өтініштерін уақытылы қарауды жүзеге асырады. Ал жаңа зираттар ашу жөніндегі сауалыңызға келсек, қазір бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде. Зират орналастыруға сәйкес келетін жер телімдерін анықтап, іріктеп жатырмыз. Жер учаскелерінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға, қала құрылысы нормаларына және экологиялық стандарттарға сәйкестігі жан-жақты қарастырылады.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Шынар ПАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ, PhD демограф:

Сұраныс әлі де ұлғаюы мүмкін

Алматы қаласында оң көші-қон сальдосы қалыптасқан, яғни көшіп келушілер саны көшіп кетушілерден әлдеқайда көп. Шаһардың өзге өңірлерден және кей жағдайда шетелден келетін тұрғындар үшін тартымдылығы әлі де жоғары.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Алматы халқының саны 2 348 103 адамды құрады. Қала халқы жыл сайын орта есеппен 2,8 пайызға, яғни шамамен, 60 мың адамға өсіп келеді. Жыл сайын шамамен, 35 мың адам көші-қон есебінен көбейіп отыр, қалған өсім табиғи өсімге тиесілі.

Қазір Алматыда да халықтың қартаю

үрдісі байқалады. 2026 жылдың басындағы дерек бойынша, 65 жас-тан асқан тұрғындардың үлесі 9,8 пайызды, яғни 229 748 адамды құрады. Ал 2025 жылы – 217 598 адам, 2024 жылы – 205 586 адам болған. Демек, жыл сайын 65 жастан асқан адамдар саны шамамен, 10–12 мың адамға артып отыр. Қарт адамдар үлесінің көбеюі – өлім-жітімнің абсолюттік санының да артуына әкелетін табиғи заңдылық. Бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғасуы мүмкін. Өйткені, қазір 1960–1980 жылдары дүниеге келген буын өкілдері біртіндеп егде жас санатына өтіп жатыр. Ал мұндай демографиялық толқын ұзақ мерзімде жерлеу орындарына деген сұранысты арттыруы ықтимал деген болжам бар.





ШЕШІМ

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі №02 шешімі

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1591 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қосымшада: 1) № 7, 12, 13, 17, 18, 19, 29, 527, 530, 533, 546, 548, 549, 550, 571, 587, 588, 611, 615, 616, 638, 664, 669 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес өзгертілсін;

2) №574, 590, 660 сайлау учаскелері орталықтарының атаулары осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес өзгертілсін;

3) жаңадан құрылған №695, 696, 697, 698, 699, 700 сайлау учаскелерімен осы шешімге 3-қосымшаға сәйкес толықтырылсын.

2. «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Д.ҚЫРЫҚБАЕВ
<i>«КЕЛІСІЛДІ» Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы</i>	<i>А.ҚАЛЫҚОВА</i>

Алматы қаласы

Алатау ауданы әкімінің

2026 жылғы 17 сәуірдегі

№02 шешіміне

1-қосымша

№7 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Айгерім-1 ықшамауданы, Бенберін көшесі, 52.

«№149 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Түркістан ықшамауданы Ақсу көшесі

мен Айгерім-1 ықшамауданы Азаттық көшелерінің қиылысынан Айгерім-1 ықшамауданы Азаттық көшесі бойымен оңтүстікке қарай Айгерім-1 ықшамауданы Набережная көшесіне дейін, Набережная көшесі бойымен оңтүстікке қарай Самғау ықшамауданы Ырысты көшесінің №17 үйіне дейін, Ырысты көшесі №17 үйінен батысқа қарай Айгерім-1 ықшамауданы Сағи Әшімов көшесіне дейін, әрі қарай Ахременко көшесі бойымен солтүстікке қарай Айгерім-1 ықшамауданы Наби көшесіне дейін, Наби көшесі бойымен батысқа қарай Айгерім-1 ықшамауданы Молдағұлова көшесіне дейін, Молдағұлова көшесі бойымен солтүстікке қарай Айгерім-2 ықшамауданы Шұғыла көшесіне дейін, Шұғыла көшесі бойымен шығысқа қарай Айгерім-1 ықшамауданы Бенберін көшесінің №83А үйіне дейін, №83А үйінен шығысқа қарай Айгерім-1 ықшамауданы Набережная көшесінің №13 үйіне дейін, №13 үйінен солтүстік-шығысқа қарай Айгерім-1 ықшамауданы Азаттық көшесі мен Түркістан ықшамауданы Ақсу көшелерінің қиылысына дейін.

№12 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.

«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Өжет шағынауданы Х.Оралтай және Шаған көшелерінің қиылысынан Өжет шағынауданы Шаған көшесі бойымен шығысқа қарай Шарын көшесіне дейін, Шарын көшесі бойымен солтүстікке қарай Шарын көшесі 44-үйге дейін, Шарын көшесі 44-үйден шығысқа қарай Жапсарбаев көшесіне дейін, Жапсарбаев көшесі бойымен оңтүстікке қарай Жиенбаев көшесіне дейін, Жиенбаев көшесі бойымен батысқа қарай Новая көшесі 22А үйге дейін, Новая көшесі 22А үйден оңтүстікке қарай Новая көшесі 19-үйге дейін, Новая көшесі 19-үйден батысқа қарай Х.Оралтай көшесіне дейін, Х.Оралтай көшесі бойымен солтүстікке қарай Шаған көшесіне дейін.

№13 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.

«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Өжет шағынауданы Шаған және Х.Оралтай көшелерінің қиылысынан Х.Оралтай көшесі бойымен солтүстікке қарай Х.Оралтай көшесі 147-үйге дейін, 147-үйден батысқа қарай Әуезов көшесіне дейін, Әуезов көшесі бойымен солтүстікке қарай Әуезов көшесі 149-үйге дейін, 149-үйден шығысқа қарай Бекболат көшесіне дейін, Бекболат көшесі бойымен солтүстікке қарай «Птицевод» ПКСТ-ға дейін және оның оңтүстік шекарасы бойымен Есентай өзеніне дейін, Есентай өзені арнасы бойымен оңтүстікке қарай Үкілі Ыбырай көшесіне дейін, Үкілі Ыбырай көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай Сүмбіле көшесіне дейін, Сүмбіле көшесі бойымен солтүстікке қарай Қожаберген жырғау көшесіне дейін, Қожаберген жырғау көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Қошқарбаев көшесіне дейін, Қошқарбаев көшесі бойымен оңтүстікке қарай Қошқықовтар көшесіне дейін, Қошқарбаев және Қошқықовтар көшелерінің қиылысынан батысқа қарай Шарын көшесіне дейін, Шарын көшесі бойымен оңтүстікке қарай Шаған көшесіне дейін, Шаған көшесі бойымен батысқа қарай Х.Оралтай көшесіне дейін.

№17 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Көктал көшесі, 1А.

«№218 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Бурундай тас жолы мен Солтүстік айналма жолының қиылысынан Солтүстік айналма жолы бойымен оңтүстікке қарай 158/1 үйге дейін, 158/1 үйден батысқа қарай Қарасу шағынауданындағы Мостовая көшесіне дейін, Мостовая көшесі бойымен солтүстікке қарай Қарасу шағынауданындағы 40 жылдық Жеңіс көшесіне дейін, 40 жылдық Жеңіс көшесі бойымен батысқа қарай Құсайынұлы көшесіне дейін, Құсайынұлы көшесі

бойымен солтүстікке қарай 33А үйге дейін, 33А үйден батысқа қарай Школьная көшесіне дейін, Школьная көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай Мичурин көшесі 14-үйге дейін, Мичурин көшесі бойымен солтүстікке қарай Бурундай көшесіне дейін.

№18 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Заводская көшесі, 98.

«№164 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Солтүстік айналма жолы мен Балпық би көшелерінің қиылысынан батысқа қарай Балпық би көшесі 63-үйге дейін, 63-үйден солтүстікке қарай Бағаналы Орда көшесі 113-үйге дейін, 113-үйден солтүстікке қарай Бағаналы Орда көшесі бойымен 45-үйге дейін, 45-үйден шығысқа қарай Центральная көшесі 164-үйге дейін, Центральная көшесі бойымен солтүстікке қарай №164 мектепке дейін, мектептен шығысқа қарай Заводская көшесі 19-үйге дейін, 19-үйден солтүстікке қарай Заводская көшесі 25-үйге дейін, 25-үйден оңтүстік-шығысқа қарай Солтүстік айналма жолына дейін, Солтүстік айналма жолы бойымен оңтүстікке қарай Балпық би көшесіне дейін.

№19 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Шаяхметов көшесі, 17/8.

«№179 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: қала шекарасы мен Бурундай тас жолының қиылысынан оңтүстікке қарай Мичурин көшесіне дейін, Мичурин көшесі бойымен оңтүстікке қарай 14-үйге дейін, 14-үйден оңтүстікке қарай Школьная көшесіне дейін, Школьная көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай Құсайынұлы көшесі 33А үйге дейін, Құсайынұлы көшесі бойымен оңтүстікке қарай 83-үй 1-корпусына дейін, 83/1 үйден батысқа қарай Мичурин көшесі 42-үйге дейін, 42-үйден батысқа қарай Бағаналы Орда көшесі 21-үйге дейін, 21-үйден батысқа қарай Қастек батыр көшесі бойымен 19-үйге дейін, 19-үйден оңтүстікке қарай Мойылды көшесіне дейін, Мойылды көшесі бойымен батысқа қарай Есентай өзеніне дейін, Есентай өзені бойымен солтүстікке қарай Бағаналы көшесі 46-үйге дейін, 46-үйден батысқа қарай қала шекарасына дейін, қала шекарасы бойымен солтүстікке қарай Бурундай тас жолына дейін.

№29 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 3.

«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Көкқайнар шағынауданы Заречная көшесі 4Б үйден Жигитовка өзені бойымен оңтүстікке қарай Жылсай көшесіне дейін, Жылсай көшесі бойымен батысқа қарай Мөңке би көшесіне дейін, Мөңке би көшесі бойымен батысқа қарай Боралдай өзеніне дейін, Боралдай өзені бойымен солтүстікке қарай Басаркобыз көшесі 35-үйге дейін, 35-үйден оңтүстік-шығысқа қарай Татулық көшесіне дейін, Татулық көшесі бойымен оңтүстікке қарай 30-үйге дейін, 30-үйден оңтүстік-шығысқа қарай Заречная көшесі 4Б үйге дейін.

№527 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Алғабас шағынауданы, Алдияр көшесі, 16.

«№185 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Оңғарсынова және Мөңке би көшелерінің қиылысынан Оңғарсынова көшесі бойымен оңтүстікке қарай 21-үйге дейін, 21-үйден батысқа қарай Шұбартал көшесі бойымен Инабат көшесіне дейін, Инабат көшесі бойымен солтүстікке қарай 58-үйге дейін, 58-үйден батысқа қарай Мұхитдинов көшесіне дейін, Мұхитдинов көшесі бойымен солтүстікке қарай Жаңа Құрылыс кварталы көшесіне дейін, осы көше бойымен солтүстік-шығысқа қарай Оңғарсынова және Мөңке би көшелерінің қиылысына дейін.

№530 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Зерделі шағынауданы, 1/65.

«№182 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Зерделі шағынауданы көпқабатты үйлер №1/40, 1/41, 1/42, 1/43, 1/44, 1/55, 1/56, 1/57, 1/58, 1/59, 1/60, 1/61, 1/62, 1/63, 1/64, 1/69, 1/70, 1/71, 1/72, 1/73, 1/74, 1/75, 1/78, 1/79, 1/80, 1/81, 1/82, 1/84, 1/86, 1/87, 1/88, 1/89, 1/91, 1/92, 1/117.

№533 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы-2 шағынауданы, Арқалық көшесі, 137А.

«№212 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Үлкен Алматы каналы мен Сайын көшесінің қиылысынан канал бойымен оңтүстік-шығысқа қарай «Радуга» бау-бақша серіктестігі 3-үйге дейін, 3-үйден батысқа қарай Ақшағыл көшесіне дейін, Ақшағыл көшесі бойымен солтүстікке қарай 32-үйге дейін, одан әрі батысқа қарай Арқалық көшесіне дейін, Арқалық көшесі бойымен солтүстікке қарай 111-үйге дейін, одан әрі батысқа қарай 129-үйге дейін, 129-үйден оңтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін, канал бойымен БАК бойындағы көшеге дейін, осы көше бойымен батысқа қарай Сайын көшесіне дейін, Сайын көшесі бойымен солтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін.

№546 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Зерделі шағынауданы, 371/3.

«№29 қалалық емхана» ШЖҚ МКК

Шекаралары: Зерделі шағынауданы көпқабатты үйлер №1/130, 1/131, 1/133, 1/135, 1/136, 1/139, 1/141, 1/142, 1/144, 1/148, 1/150, 1/151, 1/153, 1/155, 1/156, 1/158, 1/170, 1/171, 1/172, 1/173, 1/174.

№548 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Самғау ықшамауданы, Көкөрай көшесі, 67В

«№217 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Айгерім-1 ықшамауданы Азаттық көшесі мен Түркістан ықшамауданы Ақсу көшелерінің қиылысынан оңтүстік-шығысқа қарай Түркістан ықшамауданы Ақсу көшесі бойымен Самғау ықшамауданы Ырысты көшесіне дейін, Ырысты көшесі бойымен шығысқа қарай Самғау ықшамауданы Көкөрай көшесінің №59 үйіне дейін, №59 үйден оңтүстікке қарай Самғау ықшамауданы Тұмар көшесіне дейін, Тұмар көшесі бойымен оңтүстікке қарай Самғау ықшамауданы Дорожная көшесінің №38 үйіне дейін, №38 үйден оңтүстікке қарай Рыскулов даңғылына дейін, Рыскулов даңғылы бойымен батысқа қарай Самғау ықшамауданы Ырысты көшесіне дейін, Ырысты көшесі бойымен солтүстікке қарай Айгерім-1 ықшамауданы Азаттық көшесіне дейін, Азаттық көшесі бойымен солтүстікке қарай Түркістан ықшамауданы Ақсу көшесіне дейін.

№549 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.

«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Жапсарбаев көшесі 12-үйден оңтүстік-шығысқа қарай Солтүстік айналма жолы 32-үйге дейін, Солтүстік айналма жолы бойымен оңтүстікке қарай Бекболат көшесіне дейін, Бекболат көшесі бойымен солтүстік-батысқа қарай Жиенбаев көшесіне дейін, Жиенбаев көшесі бойымен солтүстікке қарай Жапсарбаев көшесіне дейін, Жапсарбаев көшесі бойымен солтүстікке қарай 12-үйге дейін.

№550 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 7.

«№180 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Заречная көшесі 4Б үйден батысқа қарай Татулық көшесіне дейін, Татулық көшесі бойымен солтүстікке қарай 52-үйге дейін, 52-үйден солтүстік-батысқа қарай Боралдай өзеніне дейін, Боралдай өзені бойымен солтүстікке қарай Ақбастау көшесі 1/3 үйге дейін, 1/3 үйден солтүстікке қарай 39А үйге дейін, одан әрі солтүстікке қарай 63-үйге дейін, 63-үйден солтүстікке қарай зираттың батыс шекарасы бойымен Бесағаш көшесі 47/1 үйге дейін, 47/1 үйден солтүстікке қарай Боралдай өзені бойымен БАК бойындағы көшеге дейін, осы көше бойымен шығысқа қарай Жигитовка өзеніне дейін, Жигитовка өзені бойымен оңтүстікке қарай Заречная көшесі 4Б үйге дейін.

№571 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 7.

«№180 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Саялы шағынауданы көпқабатты үйлер №58, 59, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 74, 75, 77, 78, 79, 80, 81, 83, 85, 86, 88, 89, 90, 109, 111, 112, 114, 115, 117, 118.

№587 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 7.

«№180 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Саялы шағынауданы көпқабатты үйлер №24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 51, 52, 53, 54, 55, 56.

№588 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Зерделі шағынауданы, 1/65.

«№182 мектеп-гимназия» КММ

Шекаралары: Мөңке би және Оңғарсынова көшелерінің қиылысынан қала шекарасы бойымен солтүстікке қарай Үлкен Алматы каналына дейін, канал бойымен шығысқа қарай Сүлейменов көшесімен қиылысқа дейін, сол жерден оңтүстікке қарай «Батыс» зиратына дейін, зираттың батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай Мөңке би көшесіне дейін, Мөңке би көшесі бойымен батысқа қарай Оңғарсынова көшесіне дейін. Толықтай №13 шағынаудан, көпқабатты үйлер №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 кіреді.

№611 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Шаяхметов көшесі, 17/8.

«№179 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: қала шекарасы мен «Птицевод» ПКСТ солтүстік шекарасының қиылысынан осы шекара бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Есентай өзеніне дейін, Есентай өзені бойымен оңтүстікке қарай Мойылды көшесіне дейін, Мойылды көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Бабатайұлы көшесі 160-үйге дейін, 160-үйден оңтүстік-батысқа қарай 166-үйге дейін, 166-үйден оңтүстік-шығысқа қарай 50-үйге дейін, 50-үйден шығысқа қарай Бағаналы Орда көшесіне дейін, Бағаналы Орда көшесі бойымен оңтүстікке қарай Мұрат Мөңкеұлы көшесіне дейін, Мұрат Мөңкеұлы көшесі бойымен батысқа қарай қала шекарасына дейін, қала шекарасы бойымен солтүстікке қарай «Птицевод» ПКСТ солтүстік шекарасына дейін.

№615 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 3.

«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шекаралары: Саялы шағынауданы көпқабатты үйлер №92, 93, 94, 95, 97, 98, 100, 101, 102, 104, 106, 107, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 129, 130, 131, 132, 133, 134.

№616 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 3.

«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

Шекаралары: Арқалық көшесі 1/3 үйден солтүстікке қарай 301/3 үйге дейін, шығысқа қарай 34-үйге дейін, 34-үйден солтүстікке қарай 56-үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Ақшағыл көшесіне дейін, Ақшағыл көшесі бойымен оңтүстікке қарай 2-үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Үлкен Алматы каналына дейін, канал бойымен оңтүстікке қарай Боралдай өзеніне дейін, Боралдай өзені бойымен оңтүстікке қарай Саялы шағынауданы 21-үйге дейін, 21-үйден батысқа қарай Аққайнар көшесіне дейін, Аққайнар көшесі бойымен солтүстікке қарай БАК бойындағы көшеге дейін, осы көше бойымен батысқа қарай Арқалық көшесі 1/3 үйге дейін.

№638 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.

«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

Шекаралары: Солтүстік айналма жолы мен Үлкен Алматы каналының қиылысынан канал бойымен батысқа қарай Теренқара өзеніне дейін, Теренқара өзені бойымен батысқа қарай Садуақасов көшесі 11-үйге дейін, 11-үйден шығысқа қарай Новая көшесіне дейін, Новая көшесі бойымен солтүстікке қарай 22А үйге дейін, 22А үйден шығысқа қарай Жиенбаев көшесіне дейін, Жиенбаев көшесі бойымен оңтүстікке қарай Бекболат көшесіне дейін, Бекболат көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Солтүстік айналма жолы мен Үлкен Алматы каналының қиылысына дейін.

№664 сайлау учаскесі

Орталығы: Зерделі шағынауданы, 1/122.

«№6 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимп



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

170-ке жуық тұрғын үйдің қасбеті жаңартылады

Алматыда тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттардың сыртқы келбетін жаңартуға бағытталған бағдарлама іске асырылып жатыр. Осыған орай БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылды. Журналистер қала орталығындағы бірнеше нысанды аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қабырғалары жөнделіп, бояуы жаңартылып жатыр. Ескі ғимараттарды қалпына келтіруде тарихи келбетін сақтап, біркелкі әрі заманауи үлгіде безендіру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінген.

– Алмалы ауданы бойынша 60 нысанды жаңарту жоспарланған. Қазірдің өзінде 10–13 тұрғын үйде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ал жалпы үш ауданда – Алмалы, Медеу, Бостандық аудандарында шамамен, 170 үйді жаңарту жоспарда бар, – дейді Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин.

Аудан басшысы жұмыстар неге дәл қаланың тарихи



Суреттерді түсіріп: Сауат СЕРІКБАЙҰЛЫ

бөлігі – «алтын квадрат» аумағынан, яғни Абай, Назарбаев, Абылай хан даңғылдары мен Құрманғазы көшесінің қиылысынан басталғанын да түсіндіре кетті.

– Бұл жер қаланың дәл орталығы, туристер мен тұрғындардың басым бөлігі осы аумақта жүреді. Барлық шешім тұрғындардың пікірін ескере отырып қабылданады. Бағдарлама аясында қасбеттерді тазалау, тегістеу, сәндік элементтерді қалпына келтіру, жарықтандыру және сыртқы келбетін жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасатын болады, – деді аудан әкімі.

Қала қасбеттерінің жаңаруына Алматы тұрғындары да бейжай қарап отырған жоқ. Жаңартылып жатқан ғимараттардың біріндегі дүкенде жұмыс істейтін Никита да қарбалас жұмыстың ортасынан табылды.

– Қаламыздың дамып, көркеюін бәріміз қалаймыз. Қасбетке қатысты қабылданатын шешімдердің барлығы бізбен келісілді, талқылауларға өзім де қатысып отырамын. Орталық көшелер әрқашан қарбаласқа толы. Болашақта бұл ғимараттардың жаңа, көрікті келбеті бәрінің назарын өзіне аудараты-

ны анық, – дейді Никита Силаев.

«Алматыгенплан» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуовтың сөзінше, жұмыстар тек қасбеттерді жөндеумен шектелмейді. Сонымен қатар, жарнамалық маңдайшалар ретке келтіріліп, ғимараттардың бірінші қабаттары мен кіреберіс маңындағы аймақтар да абаттандырылады.

– Ең алдымен, орталық көшелер мен тарихи мәні бар аумақтарға басымдық беріліп отыр. Бастысы, әр ғимараттың тарихи ерекшелігі ескеріледі. Қолданылатын материалдар әр ғимараттың келбетіне байланысты таңдалады. Жөндеу кезінде көбіне жергілікті табиғи материалдар, соның ішінде қазақстандық тас қолданылады, – деді ол.

Оның айтуынша, өткен ғасырдың 50-жылдары қабылданған шешімдердің салдарынан көптеген үйлердің бастапқы сәндік бөлшектері алынған. Қазір мамандар осындай жоғалған элементтерді зерттеп, қайта қалпына келтіруге тырысып жатыр.

– Мысалы, кейбір ғимараттарда карниз сақталғанымен, басқа сәндік бөлшектер жойылып кеткен. Мұндай жағдайда жетіспейтін элементтер көрші ғимараттардың стиліне сәйкес қайта жасалады, – дейді Асхат Садуов.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор – Есхат БОЖАН
тел.: 293-52-24.Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРСаясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЦифрлық инфрақұрылым және кері
байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.comЖарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25
8 707 948 73 78Шығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Сағынбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңызAlmaty
AQSHAMYРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 100. 5-қабат.Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)Кезекші редактор –
Аяжан ҚУАНЫШОВАГазет «Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті»
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

ЭКОЛОГИЯ

АЛМАТЫНЫҢ АУАСЫ

Ластану көзі қайдан?

Атмосфераға таралатын зиянды шығарындылардың басым бөлігі автокөліктерден келеді. Жалпы ластанудың шамамен, 60%-ы немесе жылына 113 мың тоннаға жуығы көлік үлесіне тиесілі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев мәлімдеді.

Агломерация бойынша жалпы шығарынды көлемі 225 мың тонна шамасында, оның 189 мың тоннасы тікелей қала аумағына тиесілі.

Ластанудың екінші негізгі көзі – энергетика саласы (шамамен, 24%), одан кейін бизнес нысандары мен жеке сектор үлесі шамамен, 16%.

Экологиялық ахуалды жақсартудағы негізгі бағыттардың бірі – газдандыру. Қазіргі таңда жеке сектордың 99,6%-ы табиғи газға қосылған. Бұдан бөлек, 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-ны газға көшіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жобалар 2027 жылға қарай шығарындылар көлемін 50 мың тоннадан 4 мың тоннаға дейін қысқартуға, яғни 92%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері құзырлы органдар

автокөліктер мен автобус парктарын тексеріп, коммуналдық техниканың экологиялық талаптарға сәйкестігін бақылауда ұстап отыр.

Шағын және орта бизнес те назардан тыс қалмаған: қаладағы қатты отын пайдаланатын 760 нысанның 110-ы 2026 жылдың алғашқы тоқсанында экологиялық таза отынға көшкен немесе сүзгі жүйелерін орнатқан.

Жалпы қабылданып жатқан шаралар ауа сапасын жақсартуға бағытталған. Алдағы уақытта бақылау күшейтіліп, Алматы қаласының атмосфералық ауаны қорғау қағидалары кезең-кезеңімен енгізіле береді.

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ.

КӨРМЕ

«ГҮЛДЕНГЕН МЕГАПОЛИС»



А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада Алматы кітапханалары мен «ВуАГТ» көркем студиясы «Гүлденген мегаполис» атты көрме ұйымдастырды.

балғын
суретшілердің
көзімен



Олардың ішінен «Гүлденген мегаполис» көрмесіне қатысу үшін 70 үздік картина іріктеліп алынды. Балғын суретшілердің қиялынан, жүрегінен туындаған шығармалар сан қырлылығымен баурады. Бізді қуантқаны – барлық суреттің бояуы қанық, жарық, нұры мол. Демек, олар – сәулелі, берекелі, мерекелі қалада тұрып жатқан бақытты балалар.

Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының орынбасары Ләззат Сыпатаева жобаның әлеуметтік маңызын атап өтті.

«Байқаудың мақсаты – өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін ашу, балалар шығармашылығын қолдау және олардың туған қалаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балғын суретшілеріміз біздің тұрақты оқырмандарымызға және кітапханалардың достарына айналса дейміз», – деген тілегін жеткізді ол.

Көрмені шетелдік қонақтар да тамашалады. Олардың ортасында әйгілі София Маргариллдің немересі Ариэль Борщевский және оның отбасы да бар.

Көрмені зор ықыласпен тамашалаған Словакиядан келген бұрынғы дипломат, жазушы және аудармашы Игорь Атычинач та Алматыны, оның қонақжай тұрғындарын ерекше атап өтті.

«Мұндай байқаулар кішкентай достарымыздың өз шаһарына деген махаббатын, құрметін білдіреді. Бүгін

осынау дарынды өрендерді марапаттау құрметіне ие болғанымна қуаныштымын», – деді шетелдік мейман.

Мың бояулы картинасы үздік деп танылған балалар дипломмен марапатталып, оларға танымдық кітаптар сыйға ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жоба алдағы уақытта жыл сайын өтетін дәстүрлі байқауға айналатын болады.

Нұржамал
ӘЛІШ

суреттерге арналған байқауда үздік деп танылған картиналар қойылды.

7–17 жас аралығындағы алматылық жеткіншектер қатысқан байқау сәуірдің басында жарияланған болатын. Бір ай ішінде барлығы 109 жұмыс келіп түскен.



Ерекше көрмеге ару Алматының көрікті жерлерін, әсемдігін бейнелейтін

ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ

Ұлтаралық жарасымдылық пен қоғамдық бірлік – кез келген қоғамның орнықты дамуының басты кепілі. Бұл құндылықтар тек сөз жүзінде емес, күнделікті өмірде, әсіресе, өскелең ұрпақ тәрбиесінде нақты көрініс табуы тиіс. Осы бағытта Алматының Алмалы ауданындағы №8 бөбекжай-балабақшада «Ұлттар достығы – ұлы байлық» атты қалалық семинар өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Тәрбиенің бастауы – балабақшадан» деген қағиданың өміршеңдігін іс-шара мазмұны толық дәлелдеді. «Қазақстан – достық мекені» атты сахналық қойылымға

БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙТЫН

мереке



тәрбиешілер, ата-аналар және балалар бірлесе қатысып, тәрбиенің ұштағаны тоғысқан орта қалыптастырды. Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік кеңістігі. Дәл осы кезеңде ұлт, тіл, мәдениет туралы алғашқы түсініктер қалыптасады. Сондықтан жарасымдылық пен қоғамдық бірлікке негізделген тәрбие ең алдымен осы ортадан бастау алуы маңызды.

Семинарға қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталықтың басшысы Наталья Карасева, еңбек ардагері Әлия Жолдасбекқызы, мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің басшысы Мираш Доскеева, сондай-ақ ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлер қатысты. Ашық алаңда өткен бағдарламада әртүрлі ұлттардың салт-дәстүрі мен мәдениеті көркем қойылымдар мен музыкалық нөмірлер арқылы ұсынылды. «Ұлттар биі» поппури, «Егемен елім – Қазақстан» хоры, «Ақ көгершін», «Теке-

мет» билері мен «Достық жыры» композициясы кештің мазмұнын байыта түсті.

Іс-шараға «Әкелер мектебі» мен «Әжелер ансамблінің» қатысуы тәрбиенің отбасы деңгейінде жалғасатынын көрсетті. Әсіресе, әкелердің белсенділігі қоғамдағы ортақ жауапкершіліктің маңызын айқындады. Сонымен қатар, «Достық жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, түрлі ұлттардың тағамдары мен қолөнер бұйымдары ұсынылды. Бұл алаң балалар үшін танымдық ойын форматына айналса, ересектер үшін мәдени диалог кеңістігін қалыптастырды.

Жиын барысында «Ұлттар достығы – ұлы байлық» ұғымының нақты мазмұны тәжірибе жүзінде көрсетілді. Балабақша деңгейінде жүзеге асқан бұл бастама – үлкен қоғамдық идеологияның маңызды бөлігі. Өйткені, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Ерте жастан жарасымдылық пен өзара құрметті бойына сіңірген ұрпақ болашақта қоғамдық бірлікті нығайтатын негізгі күшке айналады. Осындай жүйелі жұмыстар жалғасын тапса, Қазақстандағы қоғамдық келісім мен тұрақтылық одан әрі беки түседі.